

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Филология факультетінің деканы

А.В. Танжарикова

Хаттама № 11 «20» 06 2025ж.



8D02301 – Филология

**білім беру бағдарламасы бойынша
докторантураға түсушілерге арналған**

БАҒДАРЛАМА

Алматы, 2025

8D02301- Филология – білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі пәндерді қамтиды:

1-пән. «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері»

2-пән. Қазақ әдебиетінің қалыптасуы және даму ерекшеліктері

3-пән. Қазақ филологиясының жаңа бағыттары

1-пән. «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері»

1-тақырып Тілдің қоғамдық қызметі.Тілдің ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік қызметі. Тілдің даму заңдары. Тіл қызметінің басты ұстанымдары.

2- тақырып Қазақ тілінің морфологиялық парадигмасы.Қазақ тіліндегі негізгі морфологиялық парадигмалар, түрлері және олардың құрылымы. Парадигманың тіл білімінде бірнеше мағынада қолданылуы, жіктелуі, морфологиялық парадигманы танудың басты белгілері, қатар құрайтын сөзформалардың мағыналық және тұлғалық жағынан оппозициялық қатынаста болуы, морфологиялық парадигманың ерекшеліктері.

3-тақырып Зат есімнің сандылық және тәуелдік категориясы.Сандылық категориясының ерекшеліктері. Сандылық категориясының көрсеткіштері.Көптік мағынаның нөлдік жалғаумен берілетін орындары. Тәуелдік категориясының ерекшеліктері.Тәуелдік мағынаның берілу жолдары.

4-тақырып Зат есімнің септік категориясы. Қазақ тілінде септік категориясының түрлері. Синтетикалық септік және аналитикалық септік. Олардың жасалу жолы мен мағынасындағы өзіндік ерекшеліктері.Септік категориясының мағыналары.Септік категориясының синтаксистік қызметі.

5-тақырып Парадигмалар жүйесіндегі нөлдік морфема мен нөлдік форма. Нөлдік қосымша арқылы грамматикалық мағынаның берілуі. Грамматикалық нөлдік морфемалардың қолданыстағы түрлері.Септіктердің қосымшасыз формалары. Түркітанудағы атау септік мәселесі.

6-тақырып.Сын есімнің шырай категориясы. Шырай категориясының зерттелуі. Сын есімнің шырай категориясы туралы пікірлер.

7-тақырып Қазақ тілінің синтаксистік парадигмасы. Құрылымдық – семантикалық – коммуникативтік синтаксис үштігі. Қазақ тілі синтаксистік құрылысының құрылымдық-мағыналық және коммуникативтік парадигмалары. Синтаксистік бірліктер.

8-тақырып Синтаксистік парадигма аясындағы зерттеулер. Синтаксистік бірліктердің субъектілік және объектілік субстанция моделі бойынша жіктелуі, типтері мен қызметі, ерекшеліктері.

9-тақырып Етістік категорияларының сөйлемдегі функционалдық қызметі. Жақ категориясының синтаксистегі зерттелуі. Шақ категориясының сөйлемдегі функционалдық қызметі (семантикалық мәні). Рай категориясының сөйлемдегі қызметі (семантикалық мәні). Модальдық категориясының сөйлемдегі функционалдық қызметі (семантикалық мәні).

10-тақырып Сөйлемнің түрлері. Сөз сөйлем, сөйлесім сөйлем, атаулы сөйлем, авторлық сөйлем түрі, оларға құрылымдық, семантикалық, коммуникативтік талдаулар.

11-тақырып мен сөйлеудің арақатынасы. Сөйлеу мәселесінің тіл ғылымында зерттелуі. Ауызекі сөйлеу және оған тән сөйлемдер. Ауызекі сөйлеу стилі мен ауызекі сөйлеудің арақатынасы.

12-тақырып Сөйлеудің түрлері. Қарапайым сөйлеу және оған тән сөйлемдер. Қарапайым сөйлеу мен стильдің арақатынасы. Тұрпайы сөйлеу және оған тән сөйлемдер. Көркем сөйлеу және оған тән сөйлемдер. Көркем сөйлеудің поэтикамен байланысы.

13-тақырып Іскери және ғылыми сөйлеу мен оған тән сөйлемдер. Іскери сөйлеудегі сөз саптау ерекшеліктері. Ғылыми сөйлеу және оған тән сөйлемдер. Ғылыми сөйлеу мен стильдің арақатынасы.

14-тақырып Жыраулар поэзиясының тілі. Жыраулар поэзиясындағы лингвистикалық парадигмалар. Жыраулар поэзиясы тілінің акцентологиялық, фонологиялық-дикциялық, интонологиялық-просодиялық, образды-эстетикалық, лингвокогнитивтік сипаты.

15-тақырып Жыраулар поэзиясы тілінің ерекшеліктері. Поэзия тіліндегі коммуникативтік-этникалық, информативтік-коммуникативтік, контекстік, поэтикалық, лингвоструктуралық, лингвофилософиялық, лингвокоммуникативтік сипаты.

2-пән. Қазақ әдебиетінің қалыптасуы және даму ерекшеліктері

1- тақырып. Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері мен принциптері. Қазақ әдебиетін дәуірлеудегі ғылыми ұстанымдар. Әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу және даму кезеңдері туралы зерттеулер және дәуірлеу мәселелері. Әдебиет тарихын дәуірлеудегі әдеби тартыс-дау дамайлардың себеп-салдары. Қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау жолындағы негізгі ізденістер.

2- тақырып. Ежелгі және хандық дәуір әдебиетінің даму бағыттары. Ежелгі түркілік әдебиетті жүйелеу. Тәңірлік және исламдық әдебиет. Сақ, ғұн дәуірлеріндегі әдебиет. Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Ислам дәуіріндегі әдеби жәдігерлер. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы. Жыраулар мұрасының қазақ әдебиетінен алар орны. Жыраулардың толғауларындағы қазақ хандығының құрылуы, ел тағдырына қатысты деректер. Жыраулар поэзиясының зерттелуі.

3- тақырып. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму бағыттары. XIX ғасырдағы сал-серілік өнер дамуының тарихи алғышарттары. Ән өлең. Өнерпаздық, сыршылдық ағым. XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнері. Айтыстың жанрлық табиғаты. Зар заман поэзиясы. М.Әуезовтің зар заман поэзиясына қатысты ғылыми тұжырымдары. Шортанбайдың әдеби мұрасы. Дулат Бабатайұлының шығармашылық мұрасы. Мұрат Мөңкелының әдеби мұрасы

4- тақырып. XIX ғасырдағы бостандық күрес жырлары. Тарихи өлеңдер мен жырлар. Махамбет Өтемісұлы және дәстүрлі жыраулық поэзия. Махамбет өлеңдерінің көркемдік сипаты. Махамбет поэзиясындағы Исатай батыр тұлғасы. XIX ғасыр әдебиетіндегі Қоқан хандығы езгісіне қарсылық сарындағы шығармалар. Мәделіқожа, Майлықожа ақындардың ел мен жер тағдырына, Қоқан, Хиуа билешілеріне қарсы наразылық туындылары.

5- тақырып. XIX ғасыр әдебиетіндегі ағартушылық-демократиялық ағым көрінісі. Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы. Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер. Шоқанның халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап зерттеудегі рөлі. Ыбырай Алтынсарин - ағартушы-педагог ғалым. Алтынсаринның «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің маңызы.

6- тақырып. XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет. Абайдың әдеби мұрасы. Абайдың ел билеушілеріне сыни тұжырымдары. Абайдың қазақ өлеңіне енгізген жаңалығы. Абайдың алдындағы қазақ поэзиясы. Дулат және Абай. Абай және Шығыс. Абайдың өлең құрылысына, ақындық әлеміне Шығыс әсері. Абайдың қазақ өлеңіне Европа үлгісін енгізуі. Абай және орыстың классикалық әдебиеті.

7- тақырып. XX ғасырдың I жартысындағы әдебиет және қоғамдық-әлеуметтік жағдай. Алаш зиялылары және оқу-ағарту, мектеп, баспасөз, баспа ісі т.б. XX ғ.б. қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар. Алаштың азатшыл әдебиеті. Алаштың азатшыл әдебиетінің зерттелуі.

8- тақырып. XX ғасыр басындағы жанрлардың даму үдерісі. XX ғасыр басындағы ағартушылық идея. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Шәді Жәңгіров және діни-ағартушылық бағыт. XX ғасырдағы көркемдік әдістер. Шәкәрім шығармашылығының жанрлық сипаты және көркемдік.

9- тақырып. Қазақ кеңес әдебиетінің даму бағыттары. Қазақ прозасындағы «жылымық» кезең. Тақырып, жанр мәселесінің даму ерекшеліктері. Әлеуметтік-философиялық, психологиялық, публицистикалық, лирикалық, хроникалық, биографиялық, документальды проза түрлері. 1960 жылдар прозасының тақырыптық жанрлық сипатының даму, өркендеу ерекшелігі. Роман жанрының дамуы. Тарихи тақырыптың

белең алу көріністері. Шығармашылық ізденістер сипаты. Әлемдік әдебиетпен байланысы. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық характер сомдау проблемасы. Қазақ прозасының зерттелуі.

10 -тақырып. Эпикалық жанрлардың даму генезисі. Қазақ әдебиеттануындағы роман, повесть, әңгіме жанры Қазақ повесі және әңгіме жанры. Тақырыптық, идеялық, сюжеттік, композициялық жаңалықтар. Өмір-уақыт сырлары. Адам мен оның еңбегінің көрінуі. Образ жасау жолдары.

11- тақырып. Қазақ лирикасының жанрлық ерекшелігі. Қазақ поэзиясындағы тақырыптық-идеялық, көркемдік бітімі. Қазақ поэзиясында жырлану сипатымен қатар кеңес адамдарының отаншылдық сезімі, ғарышты игеру, халықтар достығы, адамгершілік, мораль, этика мәселелері кеңінен жырланды. Сондай-ақ ұлттық салт-дәстүр мен діни тақырыптағы өлеңдер жазыла басталды. Поэзиядағы тақырып, жанр проблематика мәселелері. Жанр табиғаты. Ізденіс арналары. Қазақ поэзиясының зерттелуі.

12- тақырып. Қазақ драматургиясының даму бағыттары және қазіргі драматургия. Драматургиядағы идеялық бағыттар мен тақырыптық ізденістер. Драмалық тартыс пен типтік образ жасау жолындағы тенденциялар. Драматургиялық жанр табиғаты. Психологиялық, қаһармандық драманың өркендеуі. Пьесалардың тақырыптық сипаты, жанрлық құрамы, сюжеттік желісі. Образдар жүйесі, тартыс табиғаты.

13- тақырып. Қазақ әдебиеттану әдебиеттану ғылымы. қазақ әдебиеттануының туу, қалыптасу дәуірлері. Әдебиеттану ғылымының теориялық және методологиялық жағынан даму жолы. Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірлер. Әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясының жеке ғылым салалары ретінде қалыптасып, дамуы. Әдебиеттану ғылымының даму жолдары.

14- тақырып. Көркем шығармашылық зертхана.

Жазушылық еңбектің алғышарттары мен әдістері, шығармашылық еңбектің негізгі заңдылықтары, әдеби шығармашылықтың эстетикасы мен психологиялық негізі. Шығармашылық жұмыстың басты кезеңдері, жазушы талантының табиғаты, бастапқы идея, материал жинау, жоспарлау, бейнелеу ұстанымдары мен формалары. Көркем шығарма тақырыбының туу процессі. Тақырыпты өңдеу мен таңдаудағы дүниетанымның рөлі.

15-- тақырып. Көркем әдебиет және менталитет. Теориялық әдебиеттанудың дәстүрлі және жаңа парадигмалары. Әлеуметтік ортаның ұлттық менталитеті, оның бүгіні мен өткені, этнология, мәдени антропология және әлеуметтік психологиямен байланысы. Қазіргі әдебиеттану дамуының жалпы көріністері, әдебиеттану ғылымындағы ментальдіктің ерекшеліктері, негізгі заңдылықтарының даму жүйесі, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ментальдік. Әдебиеттану ғылымындағы ментальдіктің ерекшеліктерін, қазақ әдебиетіндегі ұлттық ментальдіктің генезисі, эволюциясы және трансформациясы, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ментальдік, дәстүр мәселелеріне қатысты күрделі құбылыстар мен мәліметтерді қарастыру.

3-пән. Қазақ филологиясының жаңа бағыттары

1-тақырып. Лингвомәдениеттаным. Тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы. Аялық білімдегі мәдениеттанымдық семантика. Мәдени құндылықтармен таныстырылатын білімдер жүйесі.

2-тақырып. Антропоэзектік парадигмадағы «әлемнің тілдік бейнесі». Лингвомәдениеттану бірлігі - лингвокультуреманың этнотаңбалық қызметі. Әлемнің тілдік бейнесі туралы көзқарастар; әлемнің концептуалды бейнесі. Этнотаңбалық құрылымдардың санада бейнеленуі (мифологемдер, реалийлер)

3-тақырып. Тіл мен мәдениет сабақтастығы. Тіл мен мәдениеттің тоғысынан туындайтын мәдени семантиканың зерттелуі. Мәдени және тілдік код. Лингвомәдениеттанудағы символдың рөлі.

4-тақырып. Қазақ тіліндегі рухани мәдениет атаулары. Рухани мәдениет атауларының лексика-семантикалық өрісі. Қазақтың дәстүрлі танымындағы адам және табиғат атауларының мағыналық құрылымындағы құндылық семантикасының көрінісі. Салт-дәстүр мен ырым-жоралғыға байланысты рухани мәдени лексиканың символдық сипаты.

5-тақырып. Мифолингвистика. Мифологияның ғылым ретіндегі қалыптасу тарихы. Мифологияның зерттеу нысаны мен пән ретіндегі қалыптасуы. Қазақ мифологиясының қалыптасуы мен дамуы.

6-тақырып. Мифолингвистикалық бірліктердің мағыналық белгілері. Миф пен аңыз. Миф пен әпсана. Миф пен ертегі. Миф пен ақиқат. Миф пен таным. Миф пен сана.

7-тақырып. Мифтік бірліктердің тілдік қолданысы. Мифолингвистикалық категориялар. Мифологиялық бірліктердің семантикалық мәні. Мифтік бірліктердің фольклорлық шығармалардағы қолданысы. Мифтік бірліктердің көркем әдебиеттегі (проза, поэзия) қолданысы. Мифтік бірліктердің фразеологизмдердегі қолданысы. Мифтік бірліктердің паремеологизмдердегі қолданысы.

8-тақырып. Әдебиеттанудағы жаңа тенденциялар. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының өркендеп, өсу кезеңіндегі даму ерекшеліктері, ұлттық әдебиеттанудың қалыптасу тарихы мен әдеби-терминдік құндылықтары, көркемдік үдерістері әлемдік әдебиеттану контекстінде қарастырылуы. Әлемдік әдебиеттанудың жетістіктері, уақыттың дамуы барысында туған жаңа пікірлер, тың теориялық бағыттар. Әдебиет теориясының ғылыми парадигмаларымен, бағыттарымен, көркем мәтін поэтикасымен, семиотикалық, герменевтикалық, структуралистік тәсілдері. Көркем шығарма құрылымындағы хронотоп категориясы. Көркем антропология мәселелері. Неомифологизм және мифопоэтика. Мифтік құбылушылық – неомифологиялық тәсіл.

9-тақырып. Әдебиет және қоғамдық сана өзгерістері

Заман өзгерістері мен бүгінгі оқырман талап, тілектерін ескеру. Қазіргі қазақ әдебиетінің басты міндеттері. Көркем шығармашылықтағы ізденіс проблемасы. Көркем шығармашылықтағы интеллектуалдылық сипат. Дүние

танымдағы плюралистiк бағыттардың көркем әдебиетке әсері. Қоғамдық сана ағымдары және тәуелсіздік рух. Қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт, ағымдар.

Көркем шығарма, әдеби туынды мәтiнiнiң мазмұндық-пiшiндiк бiрлiгi туралы жаңа әдебиеттер. Әдеби шығарманың идеялық мазмұны, оның көркемдік компоненттерiнiң қызметі. Шығарманы туғызған тарихи кезең және автор дүние танымы. Әдеби шығарманың iшкi әлемі туралы түсiнiк, кейiпкер - қаһаманның психологиялық қалпын бейнелеудің жаңа қырлары. Психологиялық орта және автор қиялы. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңiстiк мәселесі. Хронотоп туралы жалпы түсiнiк. Эпикалық шығармалардағы хронотоп үлгiлері.

10-тақырып. Әдебиет және беллетристика

Беллетристика туралы түсiнiк, түрлi пiкiрлер, оның даму сатылары, әдеби дамуға ықпалы, орны, ерекшелiктерi, көркемдік-идеялық қыры, мағыналық-структуралық элементтерi. Беллетристиканың, бүгiнгi ғылыми деректi материалдар мәнінің көркем шығармашылыққа тигiзiп отырған әсері. Детектив және ғылыми фантастика. Көркем әдебиет пен беллетристиканы түйiстiретiн жанрлар. Беллетристика және бестселлер. Қоғамдық сұранысқа ие бейкөркем шығармалар мен көркем әдебиет. Әдеби индустрия туралы түсiнiк. Қазiргi қазақ әдебиеті және модернизм. Әдеби шығарманы модельдеу тәжiрибелері.

11-тақырып. Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері
Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау әдiстемелерінің жемісі. Рецептивті-эстетика теориясы. Әдебиеттегі герменевтика және эстетика тәжiрибесі. Әдебиеттанудағы формалистiк концепциялар. Объективті-аналитикалық талдау және субъективті қабылдау қатынастары. Шығармашылық процесс және қабылдау. Катарсис термині туралы түсiнiк. Көркем шығарма жазу мен қабылдауындағы сезiм мен қиял қызметі. Автордың ойлау, ой қорыту процессіндегі диалектикалық шешiм. Катарсис мақсаты – эстетикалық әсер. Шығарманың сезiмталдық аясы оқырман қабылдауында туғызатын тiлектестiк сезiмдердің табиғаты және оны пайдалану. Сезiмталдық жұмбақтарын жанды бейнеге көшiру мәселелері.

12-тақырып. Қазiргi әдебиеттанудың өзектi мәселелері

Дүниетаным мәселелеріндегі әдебиеттің орны. Адамгершілік және гуманизм идеяларының қазiргi әдебиетте бейнеленуі, проблемалары. Осы бағыттағы көрнектi қаламгерлер iзденiстері. Мазмұн мен пiшiн аясындағы жаңа iзденiстер арнасы. Жаңа жанрлық түрлер дамуының бағыттары.

Әдебиеттану мәселелерін тарихи-диалектикалық методология негiзінде зерттеу тәсiлдері. Тарихи-генетикалық талдау және оның эволюциялық тегі. Хроникалы талдау және диахронды зерттеу қырлары жүйелі кешенді зерттеулер және синхронды факторлар. Салыстырмалы-жүйелі зерттеу негiздері. Типологиялық зерттеу объективтік-аналитикалық зерттеу принциптері. Тарихи-қызметтік (историко-функциональная) зерттеу.

13-тақырып. Постмодернизм тарихы мен теориясы. Постмодернизм теориясының қалыптасуы. Постмодернизм нысаны – Мәтiн. Постмодернизм – жаңа әдебиеттің бастауы. Постмодернизмнің зерттелу жайы. Қазақ

әдебиетіндегі постмодернизмнің зерттелуі. Постмодернистік роман құрылымы.

14-тақырып. Интертекст ұғымы. Интертекстуалдылық құбылысының Батыс және Шығыс әдебиетінде көрініс табуы тарихи және салыстырмалы тұрғыда жан-жақты зерделенуі. Әдеби мәтіндерді талдаудың тиімді әдісі ретінде интертекстуалдылық теориясының мүмкіндіктері сипатталып, оның философиялық бастаулары (мимесис, реминисценция), классикалық және постструктуралисттік бағыттағы дамуы сараланады. Интертекст ұғымының дәстүрлі мәдениеттер мен әдебиеттердегі ежелден келе жатқан рөлі. Әдеби мәтіндердегі интертекст элементтері тарихи және мәдениетаралық байланыстардың көрінісі.

15-тақырып. Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа проблемалары. Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал-әсері. Технократтық индустрия негізінде жоғары дамыған елдердің мәдениеті мен өнеріндегі, әдебиетіндегі интеграциялық процестердің көрінісі және оған қарсы интеллектуалдық ағымдар күресі. Желілік әдебиет. Желілік әдебиеттің даму бағыттары. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, беті мен бағыты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі әдеби әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Отаршылдық кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда бейнеленуі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – А., 1988.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.
4. Оразов М. Қазақ тілі семантикасы. – Алматы, 2002.
5. Оралбай Н.Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.-Оқулық.-А.,2007.-390 б.
- 6.Шақаман Ы. Б. Қазақ тілі морфологиясы : оқулық. - Алматы : Альманах 2023. - 177 б.
7. Балтабаева Ж.Қ.Қазақ тіліндегі қосымшасыз ілік және табыс септіктерінің семантикалық-стилистикалық қызметі.-Алматы:2006.-122 б.
- 8.Қарымбаева К., Мамаева Г.Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы және морфологиясы: оқу құралы. – Алматы: 2023. – 152 бет.
9. Ильясова Н.А.Тілдік бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні.Алматы, 2017.
- 10.Рахметова Р.С. Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі:Оқу құралы. - Алматы:2017.-186 бет.
11. Оразбаева Ф.Ш. Шығармалар жинағы. 2-том. Тілдік қатынас. Алматы, 2019.
12. Ильясова Н.Ә. Сөз тіркесі синтаксисі: оқу құралы. 2019
13. Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі. – Алматы, ҚазҰУ баспасы, 2014.
- 14.Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар (монография-оқулық) – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 464 б.

- 15.Пинкер С. Тіл - инстинкт.- Алматы, 2019;
16. Земская Е.А. Язык как деятельность.- Алматы, 2017.
17. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы, - Алматы, 1993, 2004;
18. Әмірбекова А. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттар –Алматы,2011
- 19.Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Алматы Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
20. Оразбаева Ф., Балтабаева Ж. және т.б. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, 2012.
21. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: —Print express, 2017. – 512 б
- 22.Темирболат А.Б. Поэтика литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
- 23.Сатыбалдин, Горбунова Г.З., Харитонов Л.М., Шевлякова Л.Р. Филологический анализ художественного текста. Учебно-методическое пособие. 2019
- 24.Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану. – Алматы: Елтаным, 2015.
- 25.Ривкин Д., Райан М. Әдебиет теориясы: антология.1-том
26. Жарылғапов Ж.Ж. Такиров С.У. Жакулаев Ә.М. Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм. – Қарағанды, 2015.
27. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 9-том. Постмодернизм жөнінде бірер сөз. – Алматы: Жазушы, 2010.

**8D02301 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша эссе
тақырыптары:**

1. Қазіргі студенттің психологиялық портреті: жаңа көзқарас

2. ХХІ ғасырдағы білім беру мәселелері мен перспективалары
3. Экономиканы цифрландыру жағдайындағы жоғары мектептің дамуы
4. Болашақ педагог-психологтың кәсіби портреті
5. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің дамуына әсер ететін факторлар
6. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл мәселелері және оларды шешу жолдары.
7. Ж.Молдағалиевтің «Мен — қазақпын» поэмасында ұлттық құндылықтардың дәріптелуі.
8. Ұлттық руханият және сөз өнерінің сабақтастығы
9. Менің мансаптық мақсаттарым
10. Неліктен мен ғылыми саланы зерттеуді таңдадым?
11. ХХІ ғасырдағы қазақ тіл білімі: даму бағыты және мәселелері
12. Тіл мен мәдениет сабақтастығы
13. Лингвомәдениеттанудың өркениетке әсері
14. Қазіргі отандық әдебиеттану ғылымының даму бағыттары
15. Әдеби тіл нормалары және әлеуметтік желі

Құрастырушылар:

1. Балтабаева Ж.Қ. —педагогика ғылымдарының докторы, профессор
- 2.Сатемирова Д.А. — филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор